

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының құрылымын қайта ұйымдастыру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 1 қарашадағы N 1415

Қарағанды көмір бассейнінің көмір өндіретін кәсіпорындарындағы қаржылық-экономикалық жағдайды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының негізінде оны 1 қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар етіп құра отырып, қайта ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1 қосымшада аталған мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органы және мемлекеттік меншіктік құқық субъектісінің қызметтерін жүзеге асырады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі бір ай мерзімде мемлекеттік кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін.

"Қарағандышахтакөмір" және "Қарағандыкөмірразрездері" кәсіпорындары "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының құқықтық мұрагерлері болып айқындалсын.

2. "Қарағандышахтакөмір" және "Қарағандыкөмірразрездері" мемлекеттік кәсіпорындарына 2 және 3 қосымшаларға сәйкес шаруашылық жүргізу құқығымен еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "Қарағандышахтакөмір" және "Қарағандыкөмірразрездері" мемлекеттік кәсіпорындарының құрамына кіретін еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың бағдарламасын әзірлесін және қолданылып жүрген заңға сәйкес жеке жоба бойынша акционерлендіруді жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қарағанды облысының әкімімен бірлесіп, 1 ай мерзімде өндірістік-технологиялық қызметті 4 қосымшаға сәйкес жүзеге асыратын "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының кәсіпорындары мен ұйымдарының мәртебесін айқындасын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Қарағанды облыстық аумақтық комитетінің басшылығымен Қарағанды көмір бассейнінің 5 шахтасын жабу жөніндегі тарату комиссиясын құрсын.

Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне /жалпы бөлім/ сәйкес кәсіпорындарды таратудың, сондай-ақ таратылатын кәсіпорындардың кен-шахта жабдықтарын тәртібі мен мерзімін белгілесін.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі тарату комиссиясы айқындаған шараларды жүзеге асыру мен оларды қаржыландыру үшін заңды тұлға құқығына ие арнайы ұйым құрсын.

Аталған арнайы ұйым көмір кәсіпорындарын таратуға байланысты шараларды орындау жөніндегі тапсырыс берушінің қызметін жүзеге асырады және оларды іске асыру жөніндегі мердігерді айқындайды деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған арнайы ұйымға Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі арқылы Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын тарату жөніндегі шұғыл шараларды жүргізу үшін 1995 жылы - 402,5 млн. /төрт жүз екі миллион бес жүз мың/ теңге және 1995 жылы - қосымша келісілген есеп айырысу бойынша қаржы қаражатын бөлсін.

8. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қарағанды көмір бассейні шахталарының таратылуына байланысты босатылған қызметкерлердің кәсіби дайындығын және оларды қайта дайындаудың шараларын қаржыландыруды жүзеге асырсын.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Қарағанды облыстық аумақтық комитеті Қарағанды облысының әкімімен бірлесіп "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы кәсіпорындарының балансындағы және инженерлік коммуникацияларымен қоса жергілікті атқару органдарына берілетін әлеуметтік-мәдени мақсаттағы және тұрғын үй қорының объектілерін бекітсін.

Көрсетілген объектілерді беру екі апта мерзімде аяқталсын.

10. Қарағанды облысының әкімі мен "Қарағандышахтакөмір" және "Қарағандыкөмірразрездері" мемлекеттік кәсіпорындарының басшылығы инженерлік коммуникацияларымен қоса жергілікті атқару органдарының балансына берілген әлеуметтік-мәдени мақсаттағы және тұрғын үй қорының объектілерін 1995 жылдың аяғына дейін және 1996 жылдың 1 тоқсанында үлестік негізде қаржыландырудың тәртібі туралы келісім жасасын.

11. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 қарашадағы N 1303 қаулысы;
"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 қарашадағы N 1303 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 ақпандағы N 198 қаулысы;
"Қарағандыкөмір" бассейні кәсіпорындарының қаржылық-

-шаруашылық қызметін сауықтыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 тамыздағы N 1110 қаулысымен бекітілген "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы кәсіпорындарының қаржылық-шаруашылық қызметін сауықтыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар жоспарының 1-6, 18-тармақтары.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 1 қарашадағы
N 1415 қаулысына
1 қосымша

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының
негізінде құрылатын мемлекеттік кәсіпорындардың
тізбесі

"Қарағандышахтакөмір" мемлекеттік кәсіпорны,
Қарағанды қаласы

"Қарағандыкөмірразрездері" мемлекеттік кәсіпорны,
Қарағанды қаласы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 1 қарашадағы
N 1415 қаулысына
2 қосымша

"Қарағандышахтакөмір" мемлекеттік кәсіпорны

еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының

Тізбесі

1. "Стаханов" шахтасы
2. "Қарағанды" шахтасы
3. Костенко атындағы шахта
4. "Киров" шахтасы
5. Горбачев атындағы шахта
6. Қазан революциясының 50 жылдығы атындағы шахта
7. Күзембаев атындағы шахта
8. Байжанов атындағы шахта
9. "Соқыр" шахтасы
10. "Саран" шахтасы
11. "Ақтас" шахтасы
12. КСРО-ның 50 жылдығы атындағы шахта
13. "Шерубай - Нұра" шахтасы
14. "Абай" шахтасы
15. Калинин атындағы шахта
16. "Қазақстан" шахтасы
17. Ленин атындағы шахта
18. "Молодежная" шахтасы
19. "Долинская" шахтасы
20. "Шахтинская" шахтасы
21. "Тентек" шахтасы
22. "Қарағанды" орталық байыту фабрикасы
23. "Сабырхан" орталық байыту фабрикасы
24. "Восточная" орталық байыту фабрикасы
25. "Саран" топтық байыту фабрикасы
26. "Байтам" байыту фабрикасы
27. Қарағанды тиеу-тасымалдау басқармасы /"Шұбаркөл"
разрезіне қызмет көрсету үшін Шұбаркөл тиеу-тасымалдау
басқармасына көлік құралдарын бере отырып/.
28. Автокөлік кәсіпорны өндірістік бірлестігі
29. "Арнайышахтамонтаждегазация" газдан тазарту жүйелерінің
құрылысы және монтаж, өрттен сақтандыру жөніндегі
мамандырылған басқарма
30. "Арнайышахтамонтаж" кен-шахта жабдықтарын монтаждау,
демонтаждау және жөндеу жөніндегі басқарма
31. Жыныс үйінділерінің тұтануын болдырмау, сөндіру және
жерді қалпына келтіру жөніндегі басқарма

32. Ұнғыларды бұрғылау және шахта алаңдарын құрғату жөніндегі
Қарағанды "Шахтақұрғату" құрылыс-монтаж басқармасы
33. Мамандандырылған автокөлік басқармасы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 1 қарашадағы
N 1415 қаулысына
3 қосымша

"Қарғандыкөмірразрездері" мемлекеттік кәсіпорны
еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының
Тізбесі

1. "Шұбаркөл" разрезі
2. "Молодежный" разрезі
3. "Кушекі" разрезі
4. Нұра тиеу-тасымалдау басқармасы
5. Шұбаркөл тиеу-тасымалдау басқармасы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 1 қарашадағы
N 1415 қаулысына
4 қосымша

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының
өндірістік-технологиялық қызметті жүзеге
асыратын кәсіпорындары мен ұйымдарының
Тізбесі

1. "Қарағандыкөмірқұрылыс" тресі
2. Ақтас кірпіш зауыты
3. Жобалау кеңсесі
4. Көмірдің сапасын техникалық бақылау басқармасы
5. Оқу-курс комбинаты
6. Нормативтік-зерттеу станциясы
7. Электрондық аппаратура бюросы
8. Мамандандырылған "Көмірсервис" монтаждау іске қосу кәсіпорны

9. "Қарағандыэнергиякөмір" өндірістік бірлескен кәсіпорны
10. Кен-көлік жабдықтарын жөндеу жөніндегі зауыт
11. Энергиязауыт
12. Стандарттық емес жабдықтар және шағын механизация зауыты
13. Кен-шахта жабдықтарын жөндеу жөніндегі механикалық зауыт
14. Материалдық-техникалық жабдықтау басқармасы
15. "Қарағандыкөмірбарлау" Қарағанды геологиялық барлау экспедициясы
16. Мамандандырылған жөндеу құрылыс басқармасы
17. Инженерлік коммуникациялар шығару жөніндегі мамандандырылған басқарма
18. Ақпараттық есептеу орталығы
19. Өндірістік-технологиялық байланыс басқармасы
20. Ғылыми-техникалық ақпарат орталығы
21. Жұмыстарды жабдықтау бөлімі
22. "Шахтерская слава" газетінің редакциясы
23. Дәрілермен орталықтандырылған жабдықтау жөніндегі дәріхана
24. Қызметтік үй-жайлар басқармасы
25. Әскерилендірілген күзет басқармасы
26. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы және жөндеу-құрылыс басқармасы /саны-14/
27. Совхоздар /саны-9/
28. Көмір өткізу